

## **Мұнай туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 маусымдағы N 2350 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы № 291-IV Заңымен.

## **Мұнай туралы**

### МАЗМҰНЫ

Ескерту. Күші жойылды – ҚР 24.06.2010 № 291-IV Заңымен.

Ескерту. Актінің нысаны мен тақырыбы мына редакцияда берілді: "Мұнай туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, кіріспе алып тасталды, бүкіл мәтін бойынша сөздер алмастырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.01 N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аффилиирленген тұлғалар - жер қойнауын пайдаланушының еншілес ұйымдары және Қазақстан Республикасында мұнай операцияларын жүргізуге мердігер болып табылатын ұйымның жарғылық капиталында акциялар пакеті немесе қатысу үлесі бар ұйымдар;

2) барлау - мұнай іздеумен және барлаумен байланысты кез келген операциялар және олар:

геологиялық-геофизикалық зерттеулерді;

құрылымдық бұрғылауды;

іздеу және барлау ұңғымаларын бұрғылауды, сондай-ақ барлаудағы кен орнын сынамалы пайдалануды қамтиды;

3) блок - мұнай операцияларын жүргізу үшін мердігерге беруге арналған және блоктардың арнайы дайындалған картасында блок ретінде белгіленген жер қойнауының учаскесі;

4) жағалау жиегі - су объектісі жағалауының судың барынша көтерілуі (судың толуы) нәтижесінде пайда болатын жиегі;

5) жағалау маңындағы мемлекеттер - Каспий және Арал теңіздері (көлдері) алабында іргелес және қарама-қарсы жатқан мемлекеттер;

6) жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган - геологиялық зерттеу, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану саласындағы реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

7) келісім-шарт - мердігер мен құзыретті орган арасында мұнай операцияларын жүргізуге арналған шарт;

8) келісім-шарттық аумақ - мердігер келісім-шартта айқындалған мұнай операцияларын жүргізуге құқылы, геологиялық және (немесе) тау-кендік бөлумен айқындалатын аумақ;

9) кен орны - кез келген тұрпатты геологиялық резервуардағы көмірсутектерінің бір немесе бірнеше табиғи шоғырлары;

10) кен орындарын әзірлеудің оң тәжірибесі - мұнай операцияларын жүргізу кезінде ұтымды, қауіпсіз, тиімді және қажетті болып саналатын мұнай операцияларын жүргізудің жалпы қабылданған әлемдік практикасы;

11) кен орындарын сынамалы пайдалану - қабаттардың геологиялық-физикалық сипаттамасы, тереңдегі көмірсутектердің жағдайлары, ұңғымалардың өнімділігі туралы бар ақпаратты нақтылау және қосымша ақпарат алу жөніндегі жұмыстар, мұнай мен газ алудың жаңа немесе бұрыннан белгілі технологияларын сынау;

12) коммерциялық табу - келісім-шарт аумағында әзірлеу үшін рентабельді бір немесе бірнеше кен орнын табу;

13) құзыретті орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын және мұнай операцияларын жүргізу кезінде мемлекеттік реттеумен, келісім-шарттар жасаумен және орындаумен байланысты құқықтарды жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының атынан әрекет ететін мемлекеттік орган;

14) магистральдық құбыр - мұнайды мердігердің құбырынан көліктің басқа түріне аудару, өңдеу немесе тұтыну орнына дейін тасымалдауға арналған желілік бөліктен және онымен іргелес жатқан жер үсті объектілерінен, коммуникациялардан, телебасқару мен байланыстан тұратын инженерлік құрылыс. Құрастырмалы коллектор режимінде жұмыс істейтін құбыр магистральдық құбырға жатпайды;

15) мердігер - құзыретті органмен мұнай операцияларын жүргізуге келісім-шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға;

16) мұнай - шикі мұнай, газ конденсаты және табиғи газ, сондай-ақ шикі мұнай, табиғи газ тазартылғаннан кейін және жанатын тақтатастарды немесе шайырлы құмдарды өндегеннен кейін алынған көмірсутектері;

17) мұнай-газ құбырлары - мұнай тасымалдауға арналған құбырлар, оның ішінде магистральдық құбырлар, құрастырмалы коллектор режимінде жұмыс істейтін құбырлар, сондай-ақ құбырлар жүйесі не оның жекелеген бөліктері арқылы тасымалданатын заттарды тазарту, айыру және сұйылту жөніндегі

жабдықтар мен тетіктер, бақылау және оқшаулау жүйелері, электрлі-химиялық қорғаныс жүйелері мен осындай құбырларға қызмет көрсетуге арналған өзге де жабдықтар;

18) мұнай-газ құбырларын салу және (немесе) пайдалану - құрлықта, өзендерде, көлдерде, теңізде және басқа да ішкі су айдындарында мұнай-газ құбырларын салу, төсеу және пайдалану мақсатында жүргізілетін кез келген жұмыстар (операциялар);

19) мұнайдағы ілеспе компоненттер - мұнай мен қабатты су құрамындағы технологиялық бөліп алуды талап ететін пайдалы қазбалар мен әртүрлі қосындылар;

20) мұнай мен газдың жер асты қоймалары мен резервуарларын салу және (немесе) пайдалану - жер асты мұнай және газ қоймалары мен резервуарларын салумен және (немесе) пайдаланумен байланысты кез келген жұмыстар;

21) мұнай операциялары - құрлықта, өзендердің, көлдердің және басқа да ішкі су айдындарының шектерінде жүргізілетін барлау, өндіру, жер асты қоймалары мен мұнай резервуарларын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстар, сондай-ақ теңіздегі мұнай операциялары;

22) мұнай операцияларын жүргізу жөніндегі ұлттық компания (бұдан әрі - ұлттық компания) - Үкімет шешімі бойынша құрылған, ұлттық басқарушы холдинг жалғыз акционері болып табылатын, осы Заңда белгіленген жағдайларда мұнай операцияларын жүзеге асыратын акционерлік қоғам;

23) оператор - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыретті органның жазбаша хабарламасы бойынша мердігерлер құратын немесе белгілейтін, келісім-шартты орындауға байланысты қызметті жедел басқаруды және есепке алу-есеп беру операцияларын жүзеге асыратын заңды тұлға, оның іс-әрекеті үшін мердігер мемлекет алдында мүліктік жауапкершілікте болады;

24) өндіру - мұнайды жер үстіне шығарумен байланысты кез келген операциялар және соның ішінде:

жер асты және жер үсті өнеркәсіптік жабдықтары мен құрылыстарын салу мен пайдалануды, оның ішінде мұнайды өндіру орнынан мердігердің құбырынан магистральдық құбырға және (немесе) көліктің басқа түріне аудару орнына дейін тасымалдау үшін; P081335

мұнайды жер үстіне шығаруды, пайдалану ұңғымаларында жұмыс процесін ұйымдастыруды және демеп отыруды;

мұнайды өңдеуді және механикалық қоспалар мен қабаттағы судан тазартуды ;

мұнайдан ілеспе құрамдарды алуды, сондай-ақ табиғи газды және ілеспе газды кәдеге жаратуды;

жер асты қабаттарында бұрғылау шөгіндісін кәдеге жаратуды қамтиды;

25) сақтық аймағы - Қазақстан Республикасының аумағында теңіз жағалауы жиегінен құрлыққа қарай бес километрге созылып жатқан аймақ;

26) стратегиялық серіктес - мердігерді таңдау үшін, ұлттық компания мен құзыретті орган арасындағы тікелей келіссөздердің қорытындылары бойынша жасалған келісім-шарттар жөніндегі жобаларды іске асыру жөнінде немесе Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өлшемдер негізінде ұлттық компания құзыретті органмен келісе отырып таңдаған немесе айқындаған қазақстандық немесе шетелдік заңды тұлға (олардың бірлестіктері);

27) табиғи газ - майлы газдан сұйық көмірсутектерін сығымдаудан немесе айырудан кейін қалатын, майлы газды, құрғақ газды, ілеспе газды қоса алғанда, қалыпты атмосфералық температурада және қысымда газ тектес фазада болатын көмірсутектері және сұйық немесе газ тектес көмірсутектерімен бірге алынған көмірсутекті емес газ;

28) табиғи және ілеспе газды кәдеге жарату - табиғи және ілеспе газды технологиялық қажеттіктер үшін пайдалану және (немесе) оны тауарлы өнімге дейін дайындау мақсатында оны кен орнында кәсіпшілік жинауды қамтамасыз ету;

29) теңіз - Каспий және Арал теңіздерінің қазақстандық бөлігі шегіндегі су айдыны мен қабаты, сондай-ақ Каспий және Арал теңіздерінің (көлдерінің) түбі;

30) теңізде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ең үздік тәжірибе - теңізде мұнай операцияларын жүргізуде теңізді ластаудың ең төменгі деңгейін жасайтын не теңізді ластауды толығымен болғызбайтын жалпы қабылданған халықаралық практика;

31) теңіздегі мұнай операциялары - теңізде жүзеге асырылатын барлау, өндіру;

32) теңізді ластау - адамдардың денсаулығына, теңіздің биологиялық ресурстарына және теңіздің экожүйесіне зиян келтіретін не зиян келтіруге қабілетті, теңізде немесе оның жағалауында жұмысты жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға кедергілер жасайтын немесе зиян не залал келтіретін немесе келтіруге қабілетті материалдардың, заттардың, энергияның, шудың, тербелістердің теңіз аясына келіп түсуі, сондай-ақ сәулелер мен өрістердің алуан үлгілерінің пайда болуы;

33) теңіз ғылыми зерттеулері - теңізде мұнай операцияларын жүргізуге және олардың салдарларын зерделеуге байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстары;

34) теңіздік қорғау аймақтары немесе қауіпсіздік аймақтары - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, адамдардың, теңіздің биологиялық ресурстарының, қоршаған ортаның қауіпсіздігін, сондай-ақ кеме қатынасын,

балық аулауды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың теңіздегі басқа да қызметтерін қамтамасыз ету мақсатында теңіз құрылыстарының айналасында белгіленетін аймақтар;

35) теңіздік құрылыстар - жасанды аралдарды, бөгеттерді, қондырғыларды, жылжымайтын және жүзбелі жабдықтарды қоса алғанда, теңізде мұнай операцияларын жүргізуге арналған жасанды құрылыстар;

36) шекара маңындағы кен орны - Қазақстан Республикасы аумағының шектерінде немесе бір бөлігі, сондай-ақ басқа не іргелес немесе қарама-қарсы жатқан мемлекеттің заңдық құзырындағы аумақта немесе теңізде орналасқан кен орны;

37) шикі мұнай - табиғи газдан табиғи сұйылу жолымен пайда болған дистиллят және конденсат атауымен белгілі сұйық көмірсутектерін қоса алғанда, қалыпты атмосфералық температура мен қысым кезінде үлес салмағына қарамастан жер қойнауынан сұйық күйінде алынатын кез келген көмірсутектері;

38) ішкі су айдындары - көлдер, жасанды су қоймалары және басқа да жер үсті су объектілері.

**Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.29 N 209 , өзгерту енгізілді - 2007.01.12 N 226 , 2009.02.13 N 135-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз) Заңдарымен.**

## **2-бап. Заңды қолдану саласы**

1. Осы Заң Қазақстан Республикасының қарамағындағы аумақта, соның ішінде теңіздегі және ішкі су тоғандарындағы аумақта мұнай операцияларын жүргізген кезде туындайтын қарым-қатынастарды реттейді, сондай-ақ адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін мұнайға және оның өмірлік циклінің процестеріне қойылатын техникалық реттеу саласындағы қауіпсіздіктің (бұдан әрі - қауіпсіздік) жалпы талаптарын белгілейді.

2. Осы Заң Қазақстан Республикасының "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңымен және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерімен ұштастырылып қолданылады.

3. Осы Заң пен Қазақстан Республикасының басқа заң актілері арасында мұнай операцияларын реттеуге қатысты қайшылықтар болған жағдайда осы Заңның нормалары қолданылады.

4. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартпен осы Заңда баяндалғаннан өзге ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

5. Осы Заң күшіне енгізілгенге дейін берілген лицензиялар мен жасалған контрактілер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының соларға байланысты барлық актілері өз күшін сақтайды.

5-1. Мұнай операцияларын жүргізу жөніндегі қатынастарға жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңдардың принциптері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңымен белгіленген терминдер мен анықтамалар қолданылады.

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467, 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.12.29. N 209 Заңдарымен.

### **3-бап. Мұнайға меншік құқығы**

1. Қазақстан Республикасының жер қойнауындағы табиғи жайылған мұнайдың бәрі де тек қана Қазақстан Республикасының меншігі болып табылады.

2. Жер бетіне шығарылған мұнайдың меншік иесі контрактімен айқындалады. Жер бетіне шығарылған мұнайға иелік ету құқығы, егер контрактіде өзгеше көзделмеген болса, меншік иесіне беріледі.

3. Сақтау үшін жер қойнауына қайтарылған мұнай жер бетіне шығарылған мұнай ретінде қарастырылады және оның меншік иесі контрактімен айқындалады.

### **4-бап. Мұнай операцияларын жүргізудің жариялылығы**

Мұнай операцияларын жүргізуге және келісім-шарттың талаптарына қатысты ақпаратты беру "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).

## **2-тарау. Мемлекеттік басқару органдарының мұнай операцияларын жүргізу саласындағы құзыры**

### **5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыры**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мұнай ресурстарын пайдаланудың, ұдайы өндіру мен одан әрі ұлғайту қарқынының стратегиясын әзірлейді;

2) жер қойнауын пайдалану мен оны қорғау ережелерін, мұнай мен газ кен орындарын игерудің бірыңғай ережелерін белгілейді;

3) мұнай қорларының республикалық балансын жасауды бақылайды, жер қойнауының (блоктарының) зерттеуіне мемлекеттік есеп жүргізуді ұйымдастырады;

4) мұнайдың стратегиялық қорларын қалыптастыруды және олардың республика аумағында орналастырылу есебін жүргізуді қамтамасыз етеді;

5) ұлттық қауіпсіздікті, қоршаған ортаны қорғауды, халықтың қауіпсіздігін және болашақ ұрпақтың мүддесін қамтамасыз ету мақсатында жекелеген

учаскелер жер қойнауын пайдалануға шектеулер енгізеді, сондай-ақ кен орындарын игеруді тоқтатады;

б) баға саясатын белгілейді;

6-1) мұнай экспортын реттейді, оның ішінде акциздердің, кедендік, қорғау, демпингке қарсы және өтем баждарының ставкаларын, мұнай экспортына квоталарды бекіту (өзгерту) жолымен реттейді;

6-2) мұнайды көліктің әр түрлерімен тасымалдауға сандық шектеулер (квоталар) белгілейді;

6-3) мұнай өндірудің және оның айналымының біртұтас деректер базасын жүргізу тәртібін белгілейді ;

6-4) мұнай өндірудің, сақтаудың және оның айналымының технологиялық процесіне қойылатын қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау жүйесін ұйымдастырады;

6-5) жағалау жиегінің нақты орналасқан жерін айқындау тәртібін бекітеді ;

7) (алынып тасталды)

8) (алынып тасталды)

9) мұнай операциялары саласында Қазақстан Республикасының заң актілерімен өзіне берілген өзге де өкілеттікті жүзеге асырады;

9-1) (алынып тасталды)

10) конкурса, оның ішінде ұлттық компанияның үлестік қатысуымен, қойылуға жататын блоктардың тізбесін бекітеді ;

11) мұнай операцияларын жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу ережелерін бекітеді ;

12) мердігердің құқықтары мен міндеттерін мұнай операцияларын жүргізуге келісім-шарт бойынша беруге рұқсат беру немесе одан бас тарту тәртібін белгілейді;

13) мұнайға және оның өмірлік циклінің процестеріне техникалық регламенттерді бекітеді.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , 2003.04.07. N 403 (бұл өзгеріс 2003 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді), 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2005.10.14. N 79 , 2006.12.29. N 209 Заңдарымен.

## **6-бап. Құзырлы органның функциялары**

1. Құзырлы органның функцияларына:

1) контрактінің шарттары туралы мердігермен келіссөздер жүргізу және мердігермен бірлесе отырып контрактінің жобасын әзірлеу;

1-1) тікелей келіссөздер негізінде мұнай операцияларын жүргізу құқығын беру;

2) контрактілік құжаттардың жобаларына сараптама жүргізуді ұйымдастыру;

3) келісім-шартқа қол қою және оны тіркеу;

3-1) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген өкілеттіктерге сәйкес келісім-шарттарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру;

4) (алынып тасталды)

5) (алынып тасталды)

6) контрактінің орындалу барысы туралы Үкіметке жыл сайын есеп беріп отыру;

6-1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне конкурсқа қойылатын, оның ішінде ұлттық компанияның үлестік қатысуымен қойылатын блоктардың тізбесі бойынша ұсыныстар әзірлеу;

7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша контрактіні орындау, мұнайды экспорттау үшін олардың аумағында труба құбырларын салу мен пайдалану, тасымалдаудың басқа да құралдарын жасау мүмкіндігін қамтамасыз ететін басқа мемлекеттердің тиісті органдарымен келіссөздер жүргізу және келісімдер жасасу енеді.

7-1) барлауға, өндіруге, бірлесіп барлау мен өндіруге арналған жер қойнауын пайдалану Құқығын беруге конкурсты әзірлеу мен ұйымдастыруды жүзеге асырады;

7-2) осы Заңға және Қазақстан Республикасының "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңының 14 және 15-баптарына сәйкес мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқықтарды беруге рұқсат етеді;

7-3) мұнай операцияларын жүргізуге арналған келісім-шарттар талаптарының сақталуына мониторингті және бақылауды жүзеге асырады;

7-4) кен орнын әзірлеу жобасына сәйкес мұнай өндіруді, сондай-ақ оның айналымын мемлекеттік реттеуді жүзеге асырады.

8) әрбір жер қойнауын пайдаланушының бірдей қол жеткізу принциптеріне сүйеніп, магистральдық құбырлар мен темір жол эстакадаларының қуатын пайдалануды бекітеді.

Бұл ретте өздерінің ресурстарын тасымалдау үшін балама техникалық мүмкіндігі жоқ (автокөліктен басқа) жер қойнауын пайдаланушылар нақты үлгідегі (түрдегі) көлік жүйесіне кірудің басым құқығын пайдаланады;

9) жер қойнауын пайдаланушылар үшін техникалық-экономикалық негіздемеде қабылданған мұнай өткізудің есептеу бағалары шегінде, келісім-шартқа қол қою кезіндегі техникалық-экономикалық негіздеменің экономикалық көрсеткіштерін негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының ішкі нарығына қайта өңдеу үшін шикі мұнай жеткізу көлемін анықтайды;

10) осындай қажеттілік болған жағдайда ішкі нарықтың жанар-жағар май материалдарына мұқтаждығын жабуға қажетті көлемде, Қазақстан



Республикасының ішкі нарығында қайта өңдеуге арналған мұнайдың көлемін графиктермен (жылдық және ай сайынғы) белгілейді.

11) мұнай-газ саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу және бекіту;

12) мұнай операцияларын жүргізу және мұнай тасымалдау саласында адам өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға зиян келтіретін тәуекелдерге талдау жасау және оларды бағалау;

13) мұнайға және оның өмірлік циклінің процестеріне қойылатын техникалық регламенттерді әзірлеу;

14) техникалық регламенттерде белгіленген, мұнайға және оның өмірлік циклінің процестеріне қойылатын талаптардың орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру енеді.

2. Құзырлы орган:

1) Қазақстан Республикасының мүддесін сақтауды қамтамасыз етуге;

2) кен орындарының қорына мемлекеттік сараптама жүргізіп, өнеркәсіптік санаттар қорларының бар екені расталғаннан кейін ғана өндіруге арналған конкурс өткізуге және келісім-шарттар жасауға міндетті.

**Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , 2003.04.07. N 403 , (бұл өзгеріс 2003 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді), 2004.12.01. N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2005.10.14. N 79 , 2006.12.29. N 209 Заңдарымен.**

**6-1-бап. Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның құзыреті**

Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның құзыретіне:

1) геологиялық және тау-кендік бөлуге дайындау және беру;

2) барлауды немесе өндіруді жүзеге асыру жұмыстарының бағдарламасын келісу;

3) жылдық жұмыс бағдарламасына мердігер ұсынған өзгерістерді келісу;

4) жылдық жұмыс бағдарламаларын келісу кіреді.

**Ескерту. 6-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2005.10.14 . N 79 Заңымен.**

**6-2-бап. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыретіне:

1) жер қойнауын қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

2) мұнай операцияларын жүргізу, мұнай-газ құбырларын салу және пайдалану кезінде аварияларды және өзге де қауіпті жағдайларды болғызбау жөніндегі іс-шаралар бағдарламаларын келісу;

3) жер қойнауын пайдалану объектілерін консервациялауды және жоюды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кіреді.

**Ескерту. 6-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2005.10.14 . N 79 Заңымен.**

### **7-бап. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдардың құзыреті**

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдар:

1) контракт жасалғаннан кейін Қазақстан Республикасының жер туралы заңдарына сәйкес мердігерге жер бөлігін береді;

2) өңірдің экономикалық және экологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, өңірдің тиісті аумағында Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуына қатысуға құқылы;

3) өздеріне заң актілерімен берілген құзыры шегінде мұнай операцияларын жүргізу үшін бөлінген жер және су учаскелерінің қорғалуына, экологиялық қауіпсіздік ережелерінің сақталуына, археологиялық ескерткіштер мен басқа да тарихи-мәдени мұра объектілерінің қорғалуына бақылауды жүзеге асырады;

4) халық әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мүдделерін сақтаумен байланысты мәселелерді шешу үшін мердігермен келіссөздер жүргізуге қатысады.

**Ескерту. 7-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

### **7-1-бап. Ұлттық компанияның міндеттері**

Ұлттық компанияның міндеттері:

1) ұдайы өндіру қарқынын пайдалану және мұнай ресурстарын одан әрі арттыру стратегиясын әзірлеуге қатысу;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен және келісім-шартта бекітілген өкілеттіктер шегінде ұлттық компанияның үлестік қатысуын көздейтін мердігерлермен жасалған келісім-шарттарда мемлекет мүддесін білдіру;

2-1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша келісім-шарттарда үлестік қатысу арқылы конкурс жеңімпаздарымен бірлесіп мұнай операцияларын жүргізу;

2-2) оларға тікелей келісім негізінде ұсынылған блоктарда мұнай операцияларын жүргізу;

2-3) мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

3) Қазақстан Республикасының аумағында, Каспий және Арал теңіздері секторын қоса алғанда, мұнай операцияларына конкурстар ұйымдастыруға қатысу;

4) Қазақстан Республикасының мұнай-газ операцияларын жүзеге асыру жөніндегі халықаралық және ішкі жобаларына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қатысу.

5) Қазақстан Республикасының көмірсутегі шикізатын тасымалдау жөніндегі халықаралық және ішкі жобаларына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қатысу;

6) келісім-шарттардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жыл сайынғы есептерін әзірлеуге қатысу;

7) көмірсутегін барлау, әзірлеу, өндіру, өңдеу, сату, тасымалдау, мұнай-газ құбырлары мен мұнай-газ кәсіпшілігі инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері жөніндегі корпоративтік басқаруды және мониторингті жүзеге асыру болып табылады.

Ұлттық компания мердігер болып табылатын келісім-шарттар бойынша Қазақстан Республикасының пайдасына қол қою бонусын төлеу, сондай-ақ бірлескен қызмет туралы шартта өзгеше көзделмесе, барлауды қаржыландыруды оның стратегиялық серіктесі жүргізеді.

Құзыретті орган жосықсыз мердігермен барлауға, өндіруге, бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісім-шартты бұзған кезде ұлттық компания келісім-шарттық аумақты өз қарамағына алады. Құзыретті орган келісім-шартты бұзған кезде көрсетілген аумақтағы бұрынғы мердігердің мүлкі, ғимараттары, жабдықтары белгіленген тәртіппен республиканың меншігіне өтеді.

Ұлттық компания және құзыретті орган бұрын қолданылған келісім-шартқа белгіленген тәртіппен қажетті өзгерістер енгізеді.

Ұлттық компания келісім-шарттарда міндетті үлестік қатысумен мемлекеттік мүдделерді білдіру мақсатында операторды құру кезеңінде оператордың жарғылық капиталының кем дегенде елу процентін иеленуге тиіс.

**Ескерту. Жаңа 7-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , өзгерту енгізілді - 2004.12.01. N 2 Заңдарымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).**

**7-2-бап. Ұлттық компанияның үлестік қатысу арқылы мұнай операцияларын жүргізуі**

1. Ұлттық компанияның келісім-шарттарға үлестік қатысу арқылы конкурс жеңімпаздарымен бірлесіп мұнай операцияларын жүргізуі кезінде ұлттық компания мұнай операцияларын жүргізу құқықтарының бірлескен иегері ретінде жүреді. Мұндай мердігерлердің өзара құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ құзыретті органға қатысты құқықтары мен міндеттері контрактіде айқындалады.

2. Ұлттық компания "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жер қойнауын пайдалану құқығын еншілес ұйымға беруге құқылы.

Ескерту. Жаңа 7-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).

**3-тарау .**

Ескерту. 3-тарау және 8-14-баптар алып тасталды және жаңа 3-1-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 Заңымен.

**3-1-тарау. Мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқық**

**8-1-бап. Мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқықтың пайда болуы**

1. Мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқық:

- 1) Осы Заңға сәйкес мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқықты беру;
- 2) Осы Заңмен белгіленген шектерде мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқықты беру;
- 3) әмбебап құқық мирасқорлығы тәртібімен мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқықтың ауысуы арқылы пайда болады.

2. Жер қойнауын пайдалану Құқығының пайда болуы үшін белгіленген заңдардың нормалары осы Заңмен өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқықтың пайда болуымен тең дәрежеде қолданылады.

**8-2-бап. Мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқықты беру**

1. Барлау, өндіру, бірлескен барлау мен өндіру жөніндегі мұнай операцияларын жүргізуге, жер асты мұнай қоймалары мен резервуарларын салуға және (немесе) пайдалануға арналған құқық "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен беріледі.

**2. алып тасталды**

3. Теңіз түбін онда мұнай операцияларын жүргізу үшін пайдалануға арналған құқық жер ресурстарын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органның рұқсаты арқылы беріледі.

4. Мұнайгаз құбырларын пайдалануға арналған құқық табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның тиісті лицензиясы арқылы беріледі.

Ескерту. 8-2-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.01 N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2007.01.12 N 222 (ресми жарияланған күнінен

бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.07.27 N 316 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.29 N 116-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **8-3-бап. Мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқықтарды беру**

1. Барлау, өндіру, бірлесіп барлау жүргізу мен өндіруге арналған, сондай-ақ жер асты қоймалары мен мұнай резервуарларын салуға және пайдалануға арналған құқықтарды беруге контрактіге тиісті өзгерістер енгізу арқылы, Қазақстан Республикасының "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңымен белгіленген тәртіпте жол беріледі.

2. Теңізде мұнайгаз құбырларын Салуға және оларды пайдалануға арналған құқықты беруге жол берілмейді.

### **4-тарау.**

Ескерту. 4-тарау және 15-24-баптар алып тасталды - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 Заңымен.

### **5-тарау. Контрактілер**

#### **25-бап. Контрактілердің түрлері**

1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін келісім-шарттардың мынадай түрлері қолданылады:

1) (алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2008.12.10 N 101-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен);

2) концессия туралы;

3) мердігерлік және өтемді қызметтер көрсету (сервистік келісім-шарт) туралы.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі нақты операциялардың талаптарына және басқа мән-жайларына байланысты келісім-шарттардың аралас және өзге де түрлеріне жол беріледі.

Келісім-шартты жасасу, орындау, өзгерту немесе тоқтату тәртібі осы Заңға және Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес жүргізіледі.

2. Нақты мұнай операцияларының шарттарына және басқа жағдайларға қарай контрактілердің құрастырылған және өзге де нысандарына рұқсат етіледі.

Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11 N 467 , 2004.12.01 N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2008.12.10 N 101-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **26-бап. Контрактінің қолданылу шарты мен мерзімі**

1. Барлау жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарт алты жылға дейінгі мерзімге жасалады. Мердігердің контрактінің қолданылу мерзімін

контракте және жұмыс бағдарламасында айқындалған міндеттемелерді мердігер орындаған жағдайда ұзартуға құқығы бар. Контрактінің қолданылу мерзімі әрбір кезеңі екі жылға дейін ұзақтықпен екі рет ұзартылуы мүмкін. Мұнай табылған жағдайда мердігердің контрактінің қолданылу мерзімін коммерциялық табуды бағалау үшін қажетті кезеңге ұзартуға құқығы бар. Егер мердігер келісім-шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үш айдан кешіктірмей құзыретті органға өтініш жасаса, барлау жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарттың мерзімі ұзартылуы мүмкін.

2. Өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарт жиырма бес жылға дейінгі мерзімге жасалады. Кен орындарында қоры жүз миллион тоннадан асатын шикі мұнайды және (немесе) жүз миллиард текше метрден асатын табиғи газды алуға арналған өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарт қырық бес жылға дейінгі мерзімге жасалуы мүмкін. Егер мердігер мерзімді ұзартуға келісім-шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін он екі айдан кешіктірмей өтініш жасаса, мердігер мен құзыретті органның өзара келісімі бойынша өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарттың мерзімі ұзартылуы мүмкін.

3. Бірлескен барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісім-шарт ұзартудың мүмкін мерзімдері ескеріле отырып, барлау мен өндіру мерзімін қамтитын мерзімге жасалады. Бұл ретте мерзімдерді ұзартуға осы баптың 1 және 2-тармақтарымен белгіленген ережелер қолданылады.

4. Контрактінің қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтінім ол құзыретті органға келіп түскен күннен бастап 3 айдан кешіктірілмей қаралуы тиіс. Құзыретті орган оң шешім қабылдаған жағдайда контрактіге тиісті өзгерістер енгізіледі.

5. Контракт шарттары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келуі тиіс. Келісім-шарт талаптарының конкурстық ұсыныс талаптарымен салыстырғанда Қазақстан Республикасына қатысты тиімділігі аз болуы мүмкін емес.

6. Келісім-шарттың талаптары тараптардың өзара келісімімен айқындалады және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

#### **7. алып тасталды**

**Ескерту. 26-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , өзгерту енгізілді - 2004.12.01. N 2 Заңдарымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).**

#### **26-1-бап. Контрактінің қолданылуының аумақтық аясы**

1. Қазақстан Республикасының аумағы, блоктардың шекарасы Қазақстан Республикасының шекарасымен түйісетін жағдайларды қоспағанда, тік бұрыш

нысанындағы блоктарға бөлінеді. Әрбір блогының өзінің реттік нөмірі және географиялық координаттары бар блоктардың картасын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді .

2. Контракт аумағы өзіне бір блокты немесе бір-бірімен аралас, сондай-ақ бөлек-бөлек блоктар жүйесін қамтиды. Контракт аумағы ретінде бөлінетін блок ( блоктар) белгілі бір тереңдікпен шектеліне алады (шектелінуі мүмкін). Теңізде мұнай операцияларын жүргізуге арналған құқықты беру кезінде контракт аумағы оның шекараларының географиялық координаттары көрсетіле отырып, контрактіде көрсетілген қызметке рұқсат етілетін шектердегі теңіз табанының алаңымен айқындалады.

3. Егер мұнай операцияларының процесінде кен орындары жерлерінің географиялық шекаралары контракт аумағының шегінен шығып кеткендігі анықталса, онда оны кеңейту туралы мәселені құзыретті орган қосымша шешуі тиіс.

4. Контракт аумағын қайтарудың тәртібі контрактіде айқындалады.

5. Контракт аумағының бөліктерін қайтару контракт аумағынан қайтарылатын бөліктерді қоспағанда, геологиялық бөлуді қайта ресімдеу жолымен жүзеге асырылады. Аумақтарды қайтаруға байланысты ресімделетін геологиялық бөлуді жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган дайындайды және береді.

**Ескерту. Жаңа 26-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , 2005.10.14. N 79 Заңдарымен.**

**27-бап. Келісім-шартты жасасу, өзгерту мен тоқтату және мұнай операцияларын тоқтата тұру**

Келісім-шартты жасасу, өзгерту және тоқтату, сондай-ақ мұнай операцияларын тоқтата тұру "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 27-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , бап жаңа редакцияда - 2004.12.01. N 2 Заңдарымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).**

**28-бап.**

**Ескерту. 28-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 Заңымен.**

**28-1-бап.**

**Ескерту. 28-1-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).**

**29-бап.**

Ескерту. 29-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).

## **6-тарау. Мұнай операцияларын жүргізу**

### **30-бап. Мұнай операцияларын жүргізудің шарттары**

1. Мұнай операцияларын жүзеге асырушы мердігер мұнай операцияларын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, сондай-ақ контрактіде айқындалған тәртіп пен шарттарда жүргізуге міндетті. Көмірсутегі шикізатының кен орындарын барлау және әзірлеу бекітілген техникалық жобаларға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Барлау мен өндіруді және бірлескен барлау мен өндіруді жүзеге асыратын мердігер барлау мен өндіру жөніндегі операцияларды келісім-шарттарға сәйкес жүргізуге міндетті.

3. Мердігер барлау мен өндіруді жүргізу кезінде кен орындарын әзірлеудің оң тәжірибесін басшылыққа алуға міндетті.

4. Барлауды жүзеге асыратын мердігер кен орындарын, егер ол келісім-шартта көзделсе, сынамалы пайдалануды жүргізуге құқығы бар.

5. Кен орнындағы мұнайдың қоры, сондай-ақ мұнайдың алыну деңгейі Қазақстан Республикасының пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссиясында мемлекеттік сараптауға және бекітуге жатады.

Ескерту. 30-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , өзгеріс енгізілді - 2004.12.01. N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңдарымен.

### **30-1-бап. Жұмыс бағдарламасы және жылдық жұмыс бағдарламасы**

1. (алынып тасталды)

2. (алынып тасталды)

3. Жұмыс бағдарламасы контрактіге қосымша болып табылады және контрактінің қолданылуының бүкіл кезеңі ішінде барлау жүргізудің және (немесе ) өндірудің шарттарын айқындайды.

4. Барлау мен өндіруді жүзеге асыруға арналған жылдық жұмыс бағдарламасы контракт айқындайтын тәртіп пен мерзімде жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен міндетті түрде келісілуі тиіс. Егер контрактіде өзгеше белгіленбесе, жылдық жұмыс жоспары әрбір күнтізбелік жылдың контракт жасалған айынан кейінгі айының 30-нан кешіктірілмей бекітілуі тиіс. Жылдық жұмыс жоспарына барлау мен өндіру бағдарламалары кіреді, жүргізілетін іс-шаралар мен жұмыстарды барлау мен өндіру процесінде мердігер жүзеге асыратын осындай жұмыстарды орындау мен қажетті жабдықты сатып алуға байланысты шығыстарды егжей-тегжейлі айқындайды, сондай-ақ



осы жұмыс бағдарламасы бекітілетін күнтізбелік жылдағы өндірудің ең төмен және ең жоғары деңгейлерін белгілейді.

5. Жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган құзыретті органға жылдық жұмыс бағдарламаларын келісу хаттамаларының көшірмелерін осындай бағдарламалар бекітілген күннен бастап екі апта мерзімде береді.

6. Құзыретті орган мердігерден өзінің бастамашылығы бойынша не жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның қорытындысының негізінде, жылдық бағдарламасының жобасы кен орындарын игерудің оң практикасына сәйкес келмейді не жер қойнауын пайдалану принциптерін бұзуға әкеп соғады не адамдардың өмірі мен денсаулығы не орта үшін қолайсыз зардаптардың тәуекелін негізсіз өсіруге байланысты деген талаппен жылдық жұмыс бағдарламасының жобасын өзгертуді талап етуге құқылы. Егер мердігер құзыретті органның талаптарымен келіспесе, ал құзыретті орган өзінің талаптарын қайтарып алуға келіспесе, мердігер дауды осы Заңның 58-бабына сәйкес шешуді талап етуге құқылы.

7. Жылдық жұмыс бағдарламасына мердігер ұсынған кез келген өзгеріс жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен міндетті түрде келісілуі тиіс.

**Ескерту. Жаңа 30-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2005.10.14. N 79 Заңдарымен.**

### **30-2-бап. Мұнай операцияларын жүргізу процесінде авариялар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі іс-шаралар**

1. Мұнай операцияларын осы Заңға сәйкес жүзеге асыратын мердігер кен орындарын игерудің оң практикасын және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа ала отырып, адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға, сондай-ақ мұнай операцияларын жүргізу процесінде меншікті жоюға қатер төндіретін авариялар мен өзге де қауіпті жағдайларды болғызбау мақсатында қолданыстағы нормалардың сақталуын қамтамасыз етуге және барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

2. Мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігер мұнай операцияларын жүргізу кезінде авариялар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі іс-шаралар бағдарламасын әзірлеуге және оны жылдық жұмыс бағдарламасымен бірге барлау жүргізу мен өндіру кезінде не жыл сайын, мұнайгаз құбырларының құрылысын Салу және оны пайдалану кезінде, сондай-ақ мұнайдың жер асты сақтау қоймалары мен резервуарларын Салуда және оны пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органда келісуге міндетті.

Ескерту. Жаңа 30-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , өзгеріс енгізілді - 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2005.10.14. N 79 , 2006.12.29. N 209 Заңдарымен.

### **30-3-бап. Кен орнын бағалау**

1. Егер барлау жүргізуші мердігер кен орнын ашқан жағдайда осы мердігер бұл туралы құзыретті органға және жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға хабарлауға, кен орнын бағалау жүргізуге және контрактіде белгіленген тәртіп пен шарттарда оның коммерциялық немесе коммерциялық емес мәні туралы қорытынды әзірлеуге міндетті.

2. Егер контрактіде өзгеше белгіленбесе, мердігер құзыретті орган мен жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға кен орнының ашылуы туралы осындай ашылу кезінен бастап он күннің ішінде хабарлауға және кен орнын алдын ала бағалау жүргізуге кірісуге міндетті.

Ескерту. Жаңа 30-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , өзгерту енгізілді - 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2005.10.14. N 79 Заңдарымен.

### **30-4-бап. Табиғи газды барлау және өндіру**

1. Табиғи газды коммерциялық табу жағдайында мердігер кен орнына өндірудің басталуы қандай деңгейді талап етсе, сондай шамада, контрактіде өзгеше белгіленбеген жағдайда барлауды жүзеге асыруға міндетті.

2. Табылған кен орнынан табиғи газды беру бойынша мәміле жасалғанға дейін құзыретті органның табиғи газды өндіруді талап етуге құқығы жоқ, ал мердігер бастауға міндетті емес. Бұл ретте контрактінің қолданылу мерзімі табиғи газ табылған кен орнынан, егер контрактіде өзгеше көзделмесе, табиғи газды беру бойынша тиісті мәмілелер жасау кезіне дейін үзіледі.

3. Егер мердігер табиғи газды беру бойынша бір жыл ішінде мәмілелер жасамаған болса, құзыретті орган үшінші тұлғаның мердігермен мәміле жасауға келісуі жағдайында мердігерден ақылға сыйымды жағдайда үшінші тұлғамен, оның ішінде берілетін газды кейін қайта сату мақсатында отандық не шетелдік тұтынушыларға газды беру жөнінде шарт жасауын талап етуге құқылы. Егер мердігер және құзыретті орган белгілеген мұндай үшінші тұлға осы мәселе бойынша келісімге келе алмайтын болса, олар бұл дауды сот тәртібімен шешуді талап етуге құқылы.

4. Табиғи газды өндіру кезінде адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ететін талаптар мен нормалар орындалуға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келетін өлшеу жабдықтары мен құралдары қолданылуға тиіс.

Ескерту. Жаңа 30-4-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , өзгеріс енгізілді - 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2006.12.29. N 209 Заңдарымен.

### **30-5-бап. Ілеспе және (немесе) табиғи газды кәдеге жарату, жағу**

1. Ілеспе және (немесе) табиғи газды кәдеге жаратпайынша, мұнай-газ кен орындарын өнеркәсіптік әзірлеуге тыйым салынады.

2. Авариялық жағдайды және халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға төнетін қауіпті қоспағанда, ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға тыйым салынады.

2-1. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының күші 2004 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жер қойнауын пайдалануға жасалған келісімшарттар бойынша мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігерлерге, егер ілеспе және (немесе) табиғи газды кәдеге жарату жөніндегі бағдарламалар 2004 жылғы 1 желтоқсанға дейін мемлекеттік органда бекітілген (келісілген) болса немесе 2006 жылғы 1 шілдеге дейін құзыретті органда және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органда келісілген болса, оларды іске асыру мерзімдері аяқталғанға дейін қолданылмайды.

Бұл ретте ілеспе және (немесе) табиғи газды кәдеге жарату жөніндегі бағдарламаны іске асырудың белгіленген мерзімдері орындалған жағдайда жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның рұқсаты және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша не авариялық жағдайда және халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіп төнген жағдайда ілеспе және (немесе) табиғи газды алау етіп жағуға жол беріледі .

3. Ұңғымаларды сынау кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды және кен орындарын сынамалы пайдалану кезінде ілеспе газды үш жылдан аспайтындай жалпы мерзіммен жағуға жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның рұқсатымен және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

4. Ілеспе және (немесе) табиғи газ жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның рұқсатынсыз және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның келісімінсіз жағылған жағдайда, осы баптың 3-тармағына сәйкес мердігер жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға мұндай жағу туралы он күн ішінде жазбаша хабарлауға міндетті. Мұндай хабарлама ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудың себептері мен жағылған газдың көлемі туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.

Ескерту. Жаңа 30-5-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , бап жаңа редакцияда - 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2005.10.14. N 79 , 2007.01.12. N 226 Заңдарымен.

### **30-6-бап. Мердігердің барлау жүргізу мен өндіру нәтижесінде орын алған шығыстарын өтеу**

1. Мердігердің барлау мен өндіру процесінде шеккен шығындары контрактіде көзделген тәртіп пен жағдайларда өтелуге тиіс.

2. Егер контрактпен өзгеше белгіленбесе, мердігердің барлау процесінде шеккен шығындарын өтеу өндіру басталғаннан кейін ғана мердігерге меншігіне шығындарды өтеу үшін өндірілетін мұнайдың үлесін беру есебінен жүргізіледі.

3. Егер контрактіде өзгеше белгіленбесе, мердігер өндірілген мұнайдың 50 проценті құнынан аспайтын көлемде өзінің шығыстарын күнтізбелік жылда өтеуді талап етуге құқығы жоқ. Бұл ретте шығындарды өтеуге бөлінетін мұнайдың құны салық заңдарымен белгіленген амортизациялық аударымдардың ставкасынан аспайды. Күнтізбелік жылда өтелмеген шығындар өтеу үшін келесі күнтізбелік жылға ауыстырылады.

Ескерту. Жаңа 30-6-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 Заңымен.

### **30-7-бап. Мердігердің жабдық пен өзге мүлікке меншігі**

1. Барлау жүргізу мен өндіру үшін мердігер пайдаланған жабдық пен өзге мүлікке, ақшаны, бағалы қағаздар мен басқа да өндірістік емес мүлікті қоспағанда меншік құқығының көшу, сондай-ақ мұндай көшудің өтем мәселелері контрактіде белгіленеді.

2. Жабдық пен мүлікке меншік құқығының Қазақстан Республикасына көшуіне қарамастан, контракт аумағынан мұндай жабдық пен мүлікті жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның немесе құзыретті органның талап етуі бойынша контрактінің қолданылу мерзімі ішінде сондай-ақ мұндай жабдықтың немесе мүліктің басқа жер қойнауын пайдаланушыға берілген жағдайларын қоспағанда, құзыретті органның нұсқауына сәйкес, не контрактіде өзгеше белгіленген кезде, контрактінің қолданылу мерзімі өткен кезден бастап бір жылдың ішінде мұндай мүлік пен жабдықты контракт аумағында өзінің есебінен бөлшектеу не әкету міндеттілігі мердігерде сақталады.

3. Мұндай жабдық пен мүліктің тиесілілігіне қарамастан контракт аумағынан жабдық пен өзге мүлікті бөлшектеу мен әкетуді мердігер адамдардың өмірі, денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіпсіз тәсілмен Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына және құзыретті органның нұсқауларына сәйкес жүзеге асыруға тиіс.

Ескерту. Жаңа 30-7-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , 2005.10.14. N 79 Заңдарымен.

### **30-8-бап. Шекара маңындағы кен орындарында барлау мен өндірудің ерекшелігі**

1. Егер жүргізілетін барлаудың немесе өндірудің нәтижесінде мердігер кен орны шекара маңындағы кен орны болып табылатындығын анықтаған жағдайда мұндай мердігер бұл туралы құзыретті органға дереу хабарлауға міндетті.

2. Аумағында не құқықтық құзыретінде осы шекара маңындағы кен орнының бір бөлігі бар мемлекетпен Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық келісімдері болмаған жағдайда, құзыретті орган шекара маңындағы кен орнында мұндай мемлекетпен тиісті келісімге қол жеткізгенге дейін барлау мен өндіруді тоқтата тұруды талап етуге құқылы. Бұл ретте контракт құзыретті орган жүргізілген барлау мен өндіруді қайта бастауға рұқсат бергенге дейін өзінің қолданылуын үзген болып есептеледі.

3. Осы Заңның және Қазақстан Республикасының жер қойнауы туралы заңдарының нормалары шекара маңындағы кен орнында барлау мен өндіру жөніндегі қатынастарға Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шартқа қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Ескерту. Жаңа 30-8-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 Заңымен.

### **30-9-бап. Сақтық аймағының шектерінде мұнай операцияларын жүргізу**

1. Сақтық аймағының шектерінде мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігер осы мұнай операцияларын теңіз суының деңгейі көтерілген жағдайда теңіздің ластануын болдырмайтындай не барынша төмендететіндей етіп жүргізуге міндетті.

2. Сақтық аймағының шектерінде мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігер мұнай операцияларын жүргізудің және теңіз суының деңгейі көтерілуінің нәтижесінде теңіз Ластанған жағдайда қоршаған ортаға не басқа жеке немесе заңды тұлғаларға келтірілген залал үшін жауапкершілікте болады.

3. Сақтық аймағының шектерінде мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігер теңіздің ластануын болдырмау жөнінде арнаулы бағдарламаларды әзірлеуге және мұндай бағдарламаларды осы Заңның 30-2-бабында белгіленген тәртіппен бекітуге міндетті. Мұндай бағдарламалар теңіз аясын қорғаудың тиісті дәрежесімен барлау және өндіру объектілерін жедел консервациялау бағдарламасын, су басқан аймақтан сақталған мұнайды, материалдарды, бұрғылау ерітінділерін және қоршаған ортаға, теңіз бен өзге шаруашылық қызметін дұрыс пайдалануға зиян келтіруге қабілетті өзге де заттарды әкетуді, сондай-ақ теңіз Ластанған жағдайда суды бөгеу мен тазалау жөніндегі бағдарламаларды қамтуы тиіс.

4. Теңіз Ластанған жағдайда осы бапқа сәйкес мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігер қолданған ластанудың алдын алу жөніндегі шараларына қарамастан, мұндай мердігер өзінің қолы жететін барлық құралдармен теңіздің ластануының зардаптарын жою не қауіптілігін төмендету үшін барлық мүмкін шараларды қолдануға міндетті.

**Ескерту. 30-9-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , өзгерту енгізілді - 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз) Заңымен.**

### **31-бап. Кен орнында бірыңғай объект ретінде барлау және өндіру**

1. Егер барлауды, өндіруді немесе бірлесіп барлау мен өндіруді жүзеге асыратын мердігер контракт аумағындағы кен орнының, сондай-ақ контракт аумағының шегінен тысқары аумаққа іргелес орналасқандығын анықтаса, бұл мердігер құзыретті органға одан әрі барлау жүргізу және өндіру үшін табылған кен орнының мүмкін болатын шекараларының шектерінде контракт аумағын кеңейту мақсатында дереу өтініш жасауға міндетті.

2. Келісім-шарттық аумақты өзгерту келісім-шартқа, оның ішінде геологиялық және (немесе) тау-кендік бөлуге, тиісті өзгерістер енгізу арқылы жүзеге асырылады.

3. Егер осы баптың 1-тармағында белгіленген кен орнының қандай да болсын бөлігі басқа мердігердің контракт аумағының шегінде болған жағдайда, осы мердігерлер өздерінің таңдауы бойынша:

1) осы кен орнында барлау жүргізу және (немесе) өндіру құқығына ие тек бір ғана мердігер немесе бір контрактінің негізінде ішінара Құқыққа ие бірнеше мердігер қалатындай етіп жер қойнауын пайдалану Құқығын беру кезінде белгіленген беру рәсімдерін сақтай отырып барлау жүргізу және (немесе) өндіруге арналған өздерінің құқықтарын беруге;

2) кен орнына, бірыңғай тұтас нәрсе ретінде, бірлесіп барлау жүргізу мен өндіру туралы шарт жасасуға, мұндай шарт туралы құзыретті органмен алдын ала келісуге міндетті.

4. Мердігерлер осы баптың 3-тармағын сақтамаған жағдайда, құзыретті орган бірыңғай объект ретінде, кен орнында бірлесіп барлау мен өндіру туралы мердігерлерді шарт жасасуға сот тәртібімен мәжбүр етуге құқылы. Бірлесіп барлау мен өндіру не өндіру туралы шартты жасау кезінде бүкіл кен орны үшін жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдармен міндетті түрде келісуге жататын жұмыстардың бірыңғай жұмыс және жылдық бағдарламаларын әзірлейді.

5. Бірлесіп барлау мен өндіруді жүзеге асыратын мердігерлер өздеріне контрактпен, сондай-ақ жұмыс және жылдық жұмыс бағдарламаларымен жүктелген міндеттерді орындау бойынша ортақ жауапкершілікте болады.

Ескерту. 31-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , өзгеріс енгізілді - 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2005.10.14. N 79 Заңдарымен.

### **31-1-бап. Мұнай операцияларын жүргізу және мұнай тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптары**

1. Мұнай операцияларын жүргізу және мұнай тасымалдау кезінде қауіпсіздік белгіленген нормаларды сақтау, адам өмірі мен денсаулығын және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешенін орындау, жерүсті және жерасты құрылыстары мен жабдықтарын салу мен пайдаланудың қауіпсіз шарттарын жасау, сондай-ақ ықтимал аварияларды болғызбау арқылы қамтамасыз етілуге тиіс. P081335

2. Мұнай, сондай-ақ оның өмірлік циклінің процестері техникалық реттеу объектілері болып табылады.

3. Мұнай операцияларын жүргізу және мұнай тасымалдау кезінде мердігер пайдаланатын жабдық және өзге де мүлік техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуге тиіс.

4. Мұнайды төгу және құю режимі, сақтау және тасымалдау құралдарының конструкциясы және оларды пайдалану шарттары мұнайға және оның өмірлік циклінің процестеріне қатысты техникалық регламенттерде белгіленген өрт қауіпсіздігі нормаларына сәйкес келуге тиіс.

5. Мұнай өңдеу зауыттарына өңдеу үшін жеткізілетін мұнай осы Заңда және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген қауіпсіздік нормаларына сәйкес келуге тиіс.

6. Мұнай тасымалдау әуе, теміржол , құбыр, теңіз, өзен және автомобиль көліктерінде қолданылатын ережелерге сәйкес жүзеге асырылуға және мұнайдың сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Ескерту. 31-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.12.29. N 209 Заңымен.

**32-бап.**

**33-бап.**

**34-бап.**

Ескерту. 32, 33, 34-баптар алып тасталды - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 Заңымен.

### **35-бап. Қазақстан Республикасының мұнай сатып алу құқығы**

Қазақстан Республикасының мердігерден әлемдік нарық бағасынан аспайтын баға бойынша мұнай сатып алуға бірінші кезекте құқығы бар. Сатып алынатын мұнайдың шекті көлемі, баға белгілеу тәртібі мен төлем түрі мердігермен жасалатын жеке келісімде ескеріледі.

Ескерту. 35-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 226 Заңымен.

### **36-бап. Мұнайды уақытша алып қою және оның өтемі**

1. Соғыс, табиғи зілзала жағдайында немесе төтенше жағдайлар туралы заңдарда көзделген өзге де реттерде Қазақстан Республикасының Үкіметі жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі мұнайдың бір бөлігін немесе бәрін меншік құқығымен немесе шаруашылық жүргізу құқығымен уақытша алып қою құқығына ие болады. Уақытша алып қою сондай төтенше жағдайлар кезінде Қазақстан Республикасының мұқтажын қамтамасыз ету үшін қажетті мөлшерде жүзеге асырылады. Бұл ретте уақытша алып қою олардың меншік нысаны мен қай мемлекетке жататындығына қарамастан барлық жер қойнауын пайдаланушылардан нақты өндірілген мұнай деңгейіне қарай бірдей тепе-теңдікте жүргізіледі.

2. Қазақстан Республикасы уақытша алынған мұнай үшін шетелдік жер қойнауын пайдаланушыға еркін айналыстағы валютамен, ал ұлттық жер қойнауын пайдаланушыға ұлттық валютамен уақытша алып қойған күні қолданылған әлемдік нарықтық баға бойынша заттай немесе оның құнын төлеу арқылы өтеуге кепілдік береді.

### **6-1-тарау. Теңізде және ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жүргізу**

Ескерту. 6-1-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 Заңымен.

### **36-1-бап. Теңізде және ішкі су қоймаларында мұнай операцияларын жүргізудің жалпы шарттары**

1. Теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігер осы операцияларды әдетте теңіздің нақты учаскесінде жүзеге асырылатын теңіз кеме қатынасына, балық аулауға және өзге де заңды қызметке кедергі және зиян келтірмейтіндей етіп жүзеге асыруға тиіс. Бұл ретте теңізді осындай заңды түрде пайдалануды жүзеге асыратын мердігерлер өз кезегінде теңіз қорғаныш аймағының немесе қауіпсіздік аймағының режимін сақтауға тиіс.

2. Теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігерлер теңізде қоршаған ортаны қорғаудың ең таңдаулы практикасын басшылыққа алуға міндетті.

3. Теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігер теңізде жүргізілген мұнай операцияларының нәтижесінде пайда болған теңіздің ластануы жағдайында қоршаған ортаға және жеке немесе заңды тұлғаларға келтірілген зиян мен залал үшін, мұндай тұлғаның кінәсінің болу-болмауына қарамастан, жауапкершілікте болады.



4. Теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігер теңіздің ластануын болдырмау жөніндегі арнаулы бағдарламаларды әзірлеуге және мұндай бағдарламаларды осы Заңның 30-2-бабында белгіленген тәртіппен бекітуге міндетті. Мұндай бағдарламаларда жүргізілетін мұнай операцияларына ішкі бақылау, қызметкерлерді оқыту, скважиналарды бақылауға алу жөніндегі іс-шаралар, авариялық және өзге де қауіпті жағдайлар пайда болған және теңіз Ластанған жағдайда қажетті жабдықтармен және материалдармен қамтамасыз етуді не сондай-ақ теңізде аварияларды және олардың зардаптарын жоюға маманданған өзге де ұйымдарды тартуды қамтуға тиіс.

5. Теңіз Ластанған жағдайда теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігер авариялар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі арнаулы бағдарламаларға сәйкес қолданған алдын алу шараларына қарамастан, мұндай мердігер бұл үшін өзінің қолы жететін барлық құралдармен теңіздің ластануын жою не оның деңгейін төмендету үшін барлық мүмкін болатын шараларды қолдануға міндетті.

6. Теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігер өзінің есебінен мұндай тұлғаның меншігіндегі не пайдалануындағы теңіз құрылыстарына инспекциялар жүргізу үшін мемлекеттік органдардың өкілдерін, мұндай мемлекеттік органдардың өкілдері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес осы инспекцияларды жүргізуге өкілетті болған жағдайда тасымалдауды ұйымдастыруға міндетті. Теңіз құрылыстарында мемлекеттік органдар өкілдерінің инспекцияларын жүргізу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады және ол теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігердің қалыпты қызметіне кедергі келтірмеуге тиіс.

7. Теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігердің мемлекеттік органның жазбаша рұқсатын алмай теңіз құрылысын салуды немесе орналастыруды бастауға құқығы жоқ. Рұқсатты алу үшін мұндай мердігер мемлекеттік органға теңіз құрылысының жоспарланған орналастырылуына не құрылысының басталуына дейін өтініш жасауға міндетті. Өтініште жоспарланған теңіз құрылысының не осындай теңіз құрылысын салу жөніндегі жүргізілетін жұмыстардың сипаты, мерзімі мен орналасқан жері болуы тиіс. мемлекеттік орган теңізде мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігердің өтінішін қарауға және өтініш берген сәттен бастап 30 күннен кешіктірмей тиісті шешім қабылдауға міндетті.

7-1. Теңіздегі жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу үшін жұмыстар орындауды және (немесе) қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға осы бапта белгіленген нормалар қолданылады.

8. Ішкі су қоймаларындағы мұнай операцияларына теңіздегі мұнай операциялары үшін белгіленген осы Заңның ережелері қолданылады.

**Ескерту. 36-1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).**

### **36-2-бап. Теңізде барлау жүргізу мен өндіру шарттары**

1. Теңізде барлауды жүзеге асыратын мердігер іздестіру және барлау скважиналарын бұрғылауға контракт аумағының барлық қажетті геофизикалық және сейсмологиялық зерттеулер жүргізілген жағдайда ғана құқылы.

2. Мердігердің іздестіру, барлау, пайдалану скважиналарын немесе өзге де скважинаны бұрғылауды, бұрын бұрғыланған скважина бақылаудан алынған кезінде, мұндай скважинаны бақылауға алуға өзге әдістерді қолдану мүмкін емес не қалыптасқан мән-жайларда тиімсіз болып табылатын қысымды шығарып тастауға арналған тығындау скважинасын бұрғылауды қоспағанда, құзыретті органның жазбаша рұқсаты болмай бастауға құқығы жоқ. Бұл ретте мердігер құзыретті органға мұндай тығындау скважинасын бұрғылаудың басталуы туралы осындай тығындау скважинасын бұрғылау туралы шешім қабылдауға әсер еткен нақты мән-жайлар мен себептерді көрсете отырып қысымды мерзімде жазбаша хабарлауға міндетті.

3. Құзыретті орган скважинаны бұрғылауға мердігерде не оның тартқан қосалқы мердігерінде бұрғылау жұмыстарын жүргізуге арналған тиісті лицензия болған кезде, мердігерге жылдық жұмыс бағдарламасы және авариялар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі арнаулы бағдарлама жүктелген жұмыстарды орындау фактісін белгілейтін теңіз құрылысы жөніндегі тиісті инспекцияның қорытындысы болғанда, мердігердің осы скважинаны бұрғылауы кезінде пайда болатын тәуекелді міндетті сақтандыру жөніндегі міндеттемелерді сақтау фактісі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мұндай ұңғыманы бұрғылаудың жобасы бойынша мемлекеттік экологиялық сараптамасының оң қорытындысы болғанда және мемлекеттік орган берген теңіз құрылысын салуға не орналастыруға рұқсаты болған кезінде рұқсат береді. Өтінішке мұндай өтініште көрсетілген фактілерді растайтын тиісті құжаттар қоса тіркелуге тиіс.

4. Құзыретті органның жазбаша рұқсаты болмаса ішкі қабаттық қысымды ұстап тұру үшін ілеспе және табиғи газды айдауға тыйым салынады. Құзыретті орган мұндай рұқсатты ішкі қабаттық қысымды ұстаудың өзге де әдістері тиімсіз болған жағдайда және мұндай айдау қоршаған орта мен адам өмірі үшін қауіпсіздіктің жеткілікті деңгейін иеленсе, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мұндай айдауды сипаттайтын жоба бойынша берген мемлекеттік экологиялық сараптамасының оң қорытындысы болған кезде беруге құқылы.

5. Теңізде барлау мен өндіруді жүзеге асыратын мердігердің теңіз құрылысында, не 30 минуттық қол жетерлік шектерінде теңізді тазалау жөніндегі жұмыстар Жүргізу үшін қажетті мөлшердегі тиісті жабдығы, материалдары мен заттары болуға міндетті. Материалдарға, заттарға, олардың санына және оларға қол жетімділігіне нормативтер мен талаптарды өздерінің құзыретіне сәйкес мемлекеттік органдар белгілейді.

6. Теңіздегі авариялық және өзге де қауіпті жағдайларды болдырмаудың осы Заңға сәйкес бекітілетін бағдарламалары барлау жүргізу мен өндіру кезінде теңіздің ластануы салдарынан теңізді дереу оқшаулау және тазалау жөніндегі шараларды қамтуға тиіс.

**Ескерту. 36-2-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2005.10.14. N 79 Заңдарымен.**

### **36-3-бап. Теңізде мұнайгаз құбырларын салу және пайдалану**

1. Теңізде мұнайгаз құбырларын салуды және оны пайдалануды жүзеге асыратын мердігер мұнайгаз құбырларының құрылысын, монтажын немесе оны төсеу жөніндегі жұмысты мемлекеттік органның жазбаша рұқсаты болмай бастауға құқығы жоқ. Мұндай рұқсат осы Заңның 36-1-бабының 7-тармағымен белгіленген жалпы тәртіпте беріледі.

2. Теңізде мұнайгаз құбырларын салуды және пайдалануды жүзеге асыратын мердігердің табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның лицензиясы болмай бастауға құқығы жоқ. Табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган лицензия беру туралы шешімді осы тұлғаның өтінішінің негізінде өтініш берілген кезден бастап 30 күннен кешіктірмей мұнайгаз құбыры жөніндегі тиісті инспекцияның қорытындысы болған, осы мердігердің тәуекелді міндетті сақтандыру жөніндегі міндетін сақтау фактісі, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген мұнай-газ құбырында авариялар мен өзге де қауіпті жағдайларды болдырмау жөніндегі бағдарламасы болған жағдайда қабылдайды.

3. Теңізде мұнай-газ құбырларын салу және пайдалану кезінде адамның өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін жүргізілетін операциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптар мен нормалардың сақталуы қамтамасыз етілуге тиіс.

**Ескерту. 36-3-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.01 N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2005.10.14 N 79 , 2006.12.29 N 209 , 2007.01.12 N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2007.07.27 N 316 (ресми жарияланған**

күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.29 N 116-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **36-4-бап. Теңізде мұнай сақтау қоймалары мен резервуарларын Салу және оны пайдалану**

1. Теңізде мұнай сақтау қоймалары мен резервуарларын салуға және оны пайдалануға тыйым салынды.

2. Мұнайды уақытша сақтауды (20 күннен аспайтын) қоспағанда, мұндай мұнайды танкерлермен теңіз құрылыстарынан тікелей тасымалдау кезінде теңіз құрылыстарында мұнайды сақтау мен қоймада ұстауға тыйым салынады.

#### **36-5-бап. Жасанды аралдар, бөгеттер, құрылыстар мен қондырғылар**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі теңізде мұнай операцияларын жүргізуге, ғылыми зерттеулер мен басқа да мақсаттарға арналған жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды қоршаған орта мен биоресурстардың қорғалуы мен сақталуы жағдайында салуға, пайдалануға және іске қосуға рұқсат беру мен реттеуде ерекше құқыққа ие.

2. Мұндай жасанды аралдардың, бөгеттердің, құрылыстар мен қондырғылардың төңірегіне қауіпсіздік аймақтары орнатылады, олар оның сыртқы шегінің әрбір нүктесінен бастап 500 метр арақашықтыққа созылып жатады. Аралдар, бөгеттер, құрылыстар мен қондырғылар, сондай-ақ оларды қоршаған қауіпсіздік аймақтары халықаралық кеме қатынасы мен балық шаруашылығы үшін елеулі мәні бар әдеттегі теңіз жолдарына кедергі болмайтын жерлерде орналасады.

3. Жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды ұстау мен пайдалануға жауапты ұйымдар олардың күзетілуін, сондай-ақ олардың орналасқан жері туралы Ескерту бойынша тиісті құралдардың болуын қамтамасыз етуге тиіс.

4. Жасанды аралдар, бөгеттер, құрылыстар мен қондырғылар, егер олар шаруашылық немесе өзге мақсаттарға пайдаланылмайтын болса, адамдардың қауіпсіздігіне қатер, кеме қатынасына немесе балық шаруашылығына кедергі келтірмейтіндей дәрежеге дейін бөлшектелуге тиіс.

5. Жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды жасау, пайдалану және іске қосу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін мұнай операцияларын жүргізу кезінде жасанды аралдарды, бөгеттерді, құрылыстар мен қондырғыларды монтаждауға, пайдалану мен іске қосуға рұқсат берудің тәртібі мен шарттары туралы ережеге сәйкес жүргізіледі.

#### **36-6-бап. Теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде қалдықтарды теңізге тастау мен көму**

1. Теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезінде қалдықтарды теңізге тастауға және теңіз түбіне көмуге тыйым салынады.

2. Теңізге техникалық суларды ағызу мемлекеттік бақылаушы органдардың рұқсатымен және бақылауымен ғана оларды белгіленген нормативтерге дейін тазалау жағдайында жүзеге асырылады.

**Ескерту. 36-6-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).**

### **36-7-бап. Теңіз ғылыми зерттеулері**

1. Теңіз ғылыми зерттеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің рұқсатымен ғана жүргізіледі. Теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізудің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді .

2. Теңіз ғылыми зерттеулерін қазақстандық та, сондай-ақ шетелдік те заңды және жеке тұлғалар, шетелдік мемлекеттік және құзыретті халықаралық ұйымдар жүзеге асыра алады.

3. Теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізу кезінде мынадай принциптер сақталуы тиіс:

1) теңіз ғылыми зерттеулері теңізді заңды түрде пайдалануды жүзеге асыратын басқа тұлғаларға өзін-өзі ақтамайтын кедергілер жасамауы тиіс;

2) теңіз ғылыми зерттеулері табиғат қорғау шараларын сақтай отырып ғылыми әдістермен және құралдармен тиісті түрде жүргізіледі;

3) теңіз ғылыми зерттеулері процесінде жиналған барлық деректер олар өңделген және талданған соң Қазақстан Республикасына берілуге және Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдын ала рұқсатынсыз еркін таратылмауға және жарияланбауға тиіс.

### **37-бап. Мұнай операцияларының жүргізілуіне мемлекеттік бақылау**

Мұнай операцияларының жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес мемлекеттік органдар ( өздерінің құзыры шегінде) жүзеге асырады. Бұл органдардың тексеру жүргізетін қызметкерлері коммерциялық құпияны сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

### **38-бап. Мұнай өндіруді бақылау**

Егер мердігер өндіруді негізсіз бастамай отырса немесе кен орнының геологиялық мүмкіндігін ескере отырып мұнайды жеткіліксіз деңгейде өндіретін болса, құзыретті орган жазбаша хабарлар ету арқылы мердігерге белгілі бір мерзімде кен орындарын игерудің Оңтайлы тәжірибесімен негізделген мөлшерде өндіруді қамтамасыз ететін шаралар қолдану қажеттігін атап көрсетуі мүмкін. Хабарлама белгіленген мерзімде орындалмаған ретте құзыретті орган осы Заңның 27-бабына сәйкес контрактіні бұзуға құқылы.

**Ескерту. 38-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , 2004.12.01. N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).**

### **39-бап. Өндірілген мұнайды өлшеу**

1. Контракті аумағында өндірілген мұнайды өлшеу мен салмақтауды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен әдіске сәйкес мердігер жүргізеді.

2. Мердігер белгіленген тәртіппен уақыттың белгілі бір кезеңі сайын Құзырлы орган өкілінің қатысуымен мұнайды салмақтау мен өлшеу үшін пайдаланылатын жабдықтар мен аспаптарды жүйелі түрде сынақтан өткізіп отырады.

3. Егер сынаған немесе тексеріп қараған кезде жабдықтар немесе аспаптар ақаулы болып шығып, оның бұзылу мерзімін анықтау мүмкін болмаған жағдайда, ақаулық мерзімі бұрынғы өлшеген кезден бастап ақау анықталған күнге дейінгі уақыттың жартысы ретінде белгіленеді.

## **7-тарау. Мердігердің құқықтары мен міндеттері**

### **40-бап. Мердігердің құқықтары**

Мердігер:

1) егер мұның өзі контрактіде көзделсе, контракті аумағында мұнай операцияларын айрықша негізде жүргізу;

2) контракті аумағында жұмыстардың қалыпты жүргізілуін жүзеге асыруға қажетті өндірістік және әлеуметтік сала объектілерін салуға, сондай-ақ контракті аумағында да, сол сияқты одан тысқары жерлерде де иелерімен уағдаластық бойынша жалпы пайдаланымдағы объектілер мен коммуникацияларды пайдалану;

3) мұнай операцияларын жүргізуге байланысты жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау үшін көбіне Қазақстан Республикасы ұйымдары арасынан қосалқы мердігерлерді тарту;

4) осы Заңның 35 және 36-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасында да, сондай-ақ одан тысқары жерлерде де мұнайдың (өнімдердің) және ілеспе құрамдардың үлесіне, соның ішінде жекелеген скважиналарды жүргізу және сынақпен пайдалануға беру кезінде алынған өзіне тиесілі үлесіне иелік ету;

5) контрактінің қолданылу мерзімін осы Заңның 26-бабында белгіленген мерзімдерден әрі ұзарту туралы келіссөздерді бірінші кезекте жүзеге асыру;

6) өз құқықтарының бәрінен немесе бір бөлігінен бас тартуға және контрактіде белгіленген шарттармен контракті аумағында да, сол сияқты республикада да өз қызметін тоқтату құқығына ие болады.

**Ескерту. 40-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467, 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз) Заңдарымен.**

### **41-бап. Мердігердің міндеттері**

Контрактіні жүзеге асыру барысында мердігер:

1) халықаралық іс-тәжірибеде қабылданған стандарттарға негізделген мұнай операцияларын жүргізудің неғұрлым тиімді әдістері мен технологияларын таңдап алуға;

2) контракті аумағын контрактіде көзделген мақсаттарға ғана пайдалануға;

3) мұнай операцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге және мұнайдың өмірлік циклі процестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін талаптарды сақтауға;

4) басқа мердігерлердің контракті аумағында еркін жүруіне, жалпы пайдаланудағы объектілер мен коммуникацияларды пайдалануына немесе, егер бұл қауіпсіздіктің ерекше жағдайларына байланысты болмаса және мұндай қызмет мұнай операцияларын жүргізуге бөгет жасамаса, жұмыстың кез келген түрін, соның ішінде мұнайды қоспағанда, басқа табиғи ресурстарды барлауына, игеруі мен өндіруіне кедергі келтірмеуге;

5) қызметкерлер мен халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мұнай операцияларын жүргізуге арналып белгіленген тәртіппен бекітілген технологиялық схемалар мен жобаларды ұстануға;

6) Қазақстан Республикасында өндірілген жабдықтарды, материалдарды және дайын өнімді, олар техникалық регламенттерге сәйкес келген жағдайда, міндетті түрде пайдалануға;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар сақталған жағдайда, мұнай операцияларын жүргізу кезінде жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету үшін әуе, темір жол, су және басқа да көлік түрлерін пайдалануды қоса алғанда, қазақстандық ұйымдарды міндетті түрде тартуға;

8) келісім-шартта айқындалған көлемде келісім-шарт бойынша тартылған қазақстандық қызметкерлерді даярлау және қайта даярлау бойынша оқытуды қаржыландыруды жүзеге асыруға;

9) құзыретті органға жұмыс бағдарламасын іске асыру туралы ақпаратты беруге;

10) өздерінің қызмет міндеттерін орындаған кезде Қазақстан Республикасының бақылау органдарына қажетті құжаттарды, ақпаратты кедергісіз беруге және жұмыс орындарына жіберуге;

11) егер мұнай операцияларының мазмұны туралы ақпарат беру қажеттігі туған жағдайда, егер контрактіде өзгеше белгіленбесе, бұл ақпаратты тараптардың жалпы келісімімен ғана үшінші бір адамға беруге;

12) контракті аумағындағы қызметтің нәтижесі бойынша геологиялық және геофизикалық ақпаратты жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органға түсіруге;

13) салықтар мен өзге міндетті төлемдерді дер кезінде төлеп тұруға;

14) контрактіге сәйкес әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға қатысуға;

15) мәдени-тарихи маңызы бар объектілер сақтауға;

16) өзінің шаруашылық қызметінің ұзақ мерзімді экологиялық және экономикалық түйіндеріне болжам жасауға;

17) мұнай операцияларын жүргізу салдарынан бұзылған жер учаскелері мен басқа да табиғи объектілерді өз есебінен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес одан әрі пайдалануға жарамды күйіне жеткізіп, қалпына келтіруге міндетті.

**Ескерту. 41-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , 2004.12.01. N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2005.10.14. N 79 , 2006.12.29. N 209 Заңдарымен.**

## **8-тарау. Арналы труба құбыры көлігі**

### **42-бап. Арналы труба құбырына меншік құқығы**

1. Арналы труба құбыры бөлінбейтін технологиялық жүйе болып табылады және ол мемлекеттік меншікте де, сондай-ақ өзге меншікте де болуы мүмкін.

2. Арналы труба құбырын басқаруды, егер контрактіде өзгеше көзделмесе, оны меншіктенуші жүзеге асырады.

### **43-бап. Арналы труба құбырын пайдалану**

1. Арналы труба құбыры объектілерін пайдалану Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Арналы труба құбырын Техникалық пайдалану, оның қауіпсіздігі мен қорғалуы туралы ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Барлық мемлекеттік органдар, кәсіпорындар, жерді пайдаланушылар, лауазымды адамдар мен азаматтар Арналы труба құбыры иесімен өзара іс-қимыл жасаған кезде аталған ережелер орындау үшін міндетті болып табылады.

2. Энергиямен жабдықтайтын кәсіпорындардың Арналы труба құбыры иесімен келіспей энергия тұтынудың белгіленген лимиттерін шектеу жөнінде режимдік шаралар жүргізуіне тыйым салынады.

3. Арналы труба құбырының иесі облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органдардың және басқа да мүдделі кәсіпорындар мен ұйымдардың келісуі бойынша Арналы труба құбыры объектілерін қауіпсіз пайдалану шарттарын қамтамасыз ету, мүмкін болатын аварияларды, төтенше жағдайларды және олардың зардаптарын жою жөніндегі бірлескен шараларды әзірлейді.

4. Арналы труба құбырының иесі оны техникалық пайдалану, қауіпсіздік және қорғау ережелерін сақтауға жауапты болады.

5. Арналы труба құбырының күзетілетін аймағында оның иесімен келіспей жұмыс пен іс-қимылдың кез келген түрін атқаруына тыйым салынады.



6. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін құрылыс нормаларымен және ережелерімен белгіленген ең жақын қашықтық шегінде Арналы труба құбырына қатысы жоқ қандай да болсын объектілерді салуға тыйым салынады.

**Ескерту. 43-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.**

#### **44-бап. Арналы труба құбыры иесінің жергілікті өкілді және атқарушы органдармен және жүк жөнелтушілермен өзара қарым-қатынасы**

1. Мұнайды айдау, сақтау мен бөлу процестеріне байланысты Арналы труба құбырының жедел өндірістік қызметіне жергілікті өкілді және атқарушы органдардың араласуға құқығы жоқ.

2. Арналы труба құбырының авариялық қызметінің қызметкерлері, авариялық және арнайы техника басқа жұмыстарға тартыла алмайды.

3. Арналы труба құбырының өткізу қабілетінің резерві болған жағдайда оның иесінің жүк жөнелтушіге мұнайды тасымалдаудан бас тартуға құқығы жоқ. Бұл ретте жүкті жөнелтушілердің біркелкі тарифтер бойынша көлік қызметінің көрсетілуіне тең құқығы болады.

#### **45-бап. Су асты труба құбырлары мен кабельдерін орнату мен пайдалану**

Су асты труба құбырлары мен кабельдерін орнату, тарту мен пайдалану мұнай айналымы саласындағы техникалық регламенттерге сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 45-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.29. N 209 Заңымен.**

#### **9-тарау. Қоршаған ортаны қорғау, халықтың және қызметкерлердің қауіпсіздігі**

**Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).**

#### **46-бап. Табиғатты қорғау шараларының мәртебесі**

Табиғатты қорғау шараларын орындау және халық пен қызметкерлердің денсаулығын сақтау қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады әрі бүкіл мұнай операцияларын болжау (жоспарлау), жобалау және оларды жүргізу жөніндегі шаруашылық қызметін жүзеге асыру үшін міндетті шарт болып табылады.

#### **47-бап. Мемлекеттік экологиялық сараптама**

Теңізде мұнай операцияларын жүргізуге арналған келісім-шарт жасау үшін қажетті экологиялық негіздеме белгіленген қызметтің қоршаған ортаға әсер етуін (ҚОӘБ) міндетті түрде бағалай отырып нұсқалық негізде орындалған, мұнай операцияларының экологиялық-экономикалық негіздемесіне мемлекеттік экологиялық сараптама жасаудың оң қорытындысы болып табылады.

**Ескерту. 47-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).**

#### **48-бап. Мониторинг**

Қоршаған ортаға келеңсіз әсерді жою мен оны азайту жөніндегі шараларды қолдану және мұнай операцияларын экологиялық жағынан қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында мұнай операциялары басталғанға дейін және олардың бүкіл кезеңінде жер қойнауын пайдаланушы табиғатта болып жатқан өзгерістер мен жүргізілген шаруашылық қызметінің оған әсер ету сипаты туралы жедел кешенді ақпарат алу жүйесін - мониторинг құруға тиіс.

**Ескерту. 48-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 Заңымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).**

#### **49-бап. Теңізде, ішкі су тоғандарында, төтенше экологиялық жағдайлар аймақтарында және табиғаттың ерекше қорғалатын объектілерінде мұнай операцияларын жүргізу**

1. Теңізде, ішкі су тоғандарында, төтенше экологиялық жағдайлар аймақтарында және табиғат пен мәдениеттің ерекше қорғалатын объектілерінде мұнай операцияларын жүргізу мүмкіндігі туралы жалпы шешімді мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

2. Теңізде, ішкі су тоғандарында, төтенше экологиялық жағдайлар аймақтарында және табиғат пен мәдениеттің ерекше қорғалатын объектілерінде мұнай операцияларын жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді .

3. Кен орындарын пайдаланған кезде теңіздің қорықтық бөлігінде мұнай тасымалдау табиғат қорғау туралы заңдарда белгіленген талаптар сақталған жағдайда труба құбырлары арқылы жүзеге асырылады.

### **10-тарау. Коммерциялық шарттар**

#### **50-бап. Валюталық операциялар**

Мердігер мен қосалқы мердігердің валюталық операцияларды жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

#### **51-бап. Кедендік рәсім**

Кедендік рәсім кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

**Ескерту. 51-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **52-бап. Салықтар мен төлемдер**

Мұнай операцияларын жүргізу кезінде мердігер Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді төлеуші болып табылады.

## **11-тарау. Құқықтық шарттар**

### **53-бап. Келісім-шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді, акциялардың үлестерін (пакеттерін) беру**

1. Мердігердің келісім-шарт бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерінің барлығын немесе бір бөлігін басқа жеке немесе заңды тұлғаға беруі, сондай-ақ мұнай операцияларын жүргізуге арналған келісім-шарт бойынша мердігер болып табылатын заңды тұлғадағы қатысу үлесін (акциялар пакетін) иеліктен айыруы құзыретті органның жазбаша рұқсатымен ғана жүргізілуі мүмкін. Құзыретті орган мердігерге келісім-шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді беруге рұқсат беруден Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бас тартуға, сондай-ақ мердігер болып табылатын тұлғаның жарғылық капиталдағы қатысу үлесін (акциялар пакетін) иеліктен айыруына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша рұқсат бермеуге құқылы.

Аффилиирленген тұлғалармен мәмілелерге қатысты да осы шарттың сақталуы міндетті.

2. Осы баптың бірінші бөлігіне сәйкес құқықтар мен міндеттерді беруге байланысты жұмсалатын шығындар мердігерге жүктеледі.

3. Мердігер контрактіге қандай болса да қатысуын сақтап отырған кезде ол және құқықтары мен міндеттері берілетін адам контракті бойынша бірдей жауапкершілікте болады.

**Ескерту. 53-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.01. N 2 (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз), 2005.10.14. N 79 Заңдарымен.**

### **53-1-бап. Қолданылатын құқық**

1. Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын мұнай операцияларын жүргізу жөніндегі қатынастарға, сондай-ақ теңіздегі мұнай операцияларына тек қана Қазақстан Республикасының құқығы қолданылады.

2. Құзыретті органмен жасалатын контрактілерде шетелдік құқықты қолдану туралы шарт белгіленбейді.

3. Шекара маңындағы кен орындарында жүргізілетін теңіздегі барлау және өндіру, бірлесіп барлау және өндіру жөніндегі мұнай операцияларын жүргізу жөніндегі қатынастарға, егер ол Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында тікелей көзделген болса, Қазақстан Республикасына қарама-қарсы немесе шектес жатқан мемлекеттің құқығы қолданылады.

Ескерту. Жаңа 53-1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , 2004.12.01. N 2 Заңдарымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).

#### **54-бап. Жер қойнауы туралы ақпаратқа меншік құқығы**

Жер қойнауы туралы ақпаратты меншіктену құқығы Қазақстан Республикасының "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңына сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 54-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 Заңымен.

#### **55-бап. Сақтандыру**

1. Мұнай операцияларын жүзеге асыратын мердігерлер сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін заңнамалық актілерге сәйкес:

1) қоршаған ортаға келтірілген залалдың зардаптарын жою жөніндегі шығындарды қосқанда, қоршаған ортаның ластануына;

2) үшінші адамдар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікке байланысты жауапкершілік тәуекелдігін сақтандыруға міндетті.

2. Мердігерлер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметкерлерді өндірістегі бақытсыз жағдайлар мен кәсіби аурулардан сақтандыруға міндетті.

3. Сақтандыру Қазақстан Республикасының сақтандыру заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

3-1. Теңізде барлау мен өндіруді жүзеге асыратын мердігерлер мүлдіктік тәуекел мен жауапкершілік тәуекелін:

1) скважинаны бақылауға алу жөніндегі шығыстары;

2) скважина бақылаудан шыққан жағдайда, қайта бұрғылау операциялары бойынша шығыстары;

3) теңіздің ластануы жағдайында тазалау және оқшаулау жөніндегі шығыстары;

4) теңізде авариялық жағдайлар мен олардың зардаптарын жою бойынша мамандандырылған компанияларды тарту жөніндегі шығыстары бойынша сақтандыру өтеуін қамтамасыз ететіндей түрде сақтандыруға міндетті.

Ескерту. 55-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.06.13. N 122 -I, 1999.08.11. N 467 (3-1 тармақ 2000 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енгізіледі), 2007.05.07. N 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

#### **56-бап. Еңбектегі құқық қатынастары**

Мердігерде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбекке ақы төлеу шарттары, жұмыс істеу мен тынығу режимі, әлеуметтік

қамсыздандырылуы мен әлеуметтік сақтандырылуы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

**Ескерту. 56-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.05.15. N 253 Заңымен.**

### **57-бап. Мердігер құқықтарының кепілдіктері**

Мердігерге оның құқықтары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қорғалатынына кепілдік беріледі. Мердігердің жағдайын нашарлататын заңдардың өзгертулері мен толықтырулары, ондай өзгертулер мен толықтыруларға дейін жасалған контрактілерге қолданылмайды.

Осы баппен белгіленген кепілдіктер қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету, ұлттық қауіпсіздік саласындағы, экологиялық қауіпсіздік, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының өзгерісіне қолданылмайды.

**Ескерту. 57-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 Заңымен.**

### **58-бап. Дауларды шешу**

1. Келісім-шартты орындаумен, өзгертумен және тоқтатумен байланысты даулар келіссөздер жүргізу арқылы не дауларды шешудің келісім-шартта бұрын келісілген рәсімдеріне сәйкес шешіледі.

2. Егер келісім-шартты орындаумен, өзгертумен және тоқтатумен байланысты дауларды осы баптың 1-тармағына сәйкес шешу мүмкін болмаса, онда тараптар дауды шешу үшін:

- 1) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес сотқа;
- 2) Қазақстан Республикасының инвестициялар туралы заң актісіне сәйкес халықаралық төрелікке бере алады.

**Ескерту. 58-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.08.11. N 467 , 2004.12.01. N 2 Заңдарымен (күшіне ену тәртібін 2 баптан қараңыз).**

### **59-бап. Осы Заңды күшіне енгізу тәртібі**

Осы Заң 1995 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті